

ЖАСЫЛ ҚАЛАНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ ҚАНДАЙ?

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАЛАЙ АРТАДЫ?

6-БЕТ | ҚОҒАМ



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ КІЛТІ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – бар-шамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет. Жұмысымыз қаншалықты күрделі болса да, біз міндетті түрде табысқа жетуіміз керек. Басқа жол жоқ. Себебі бұл – еліміздің болашағы, халқымыздың тағдыры.

№114
(4858)
Сенбі
27 қыркүйек
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Елордаға 2025 жылдың алғашқы 6 айында келген шетелдік туристер саны өткен жылмен салыстырғанда 9 пайызға артты.

Қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының мәліметінше, 2025 жылдың алғашқы жарты жылында елордаға шамамен 750 мың турист келген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға көп. Оның ішінде 180 мың – шетелдік қонақтар, олардың басым бөлігі Ресей, Қытай, Түркия, АҚШ және Германия елдерінен келген. Бүгінде Астанада 100-ден астам туристік нысан бар. Халықаралық әуежайда қонақтарға арналған бірегей Taxi Point қызметі іске қосылды. Елордаға келетін туристер 168 нысанды қамтитын аудиогиді бар халықаралық izi.travel платформасын, Astana Pass картасын, сондай-ақ қаланың негізгі нүктелеріндегі навигацияны және QR-кодтарды пайдалана алады.



ИНВЕСТИЦИЯҒА ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛА

Астанада Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауымен дәнді және дәнді-бұршақ дақылдарын терең өңдейтін интеграцияланған агроөнеркәсіптік кешеннің құрылысы басталды. Жобаны түркиялық Tiryaki Agro холдингі мен қазақстандық «Қазақстан астық консорциумы» ЖШС және «ADOtex» ЖШС бірлесіп құрған Kazak Protein компаниясы жүзеге асырады. Инвестицияның жалпы көлемі 320 миллион АҚШ долларын құрайды. Жоба аясында шамамен 400 жаңа жұмыс орны ашылады. Құрылыстың екі кезеңін аяқтау 2028 жылға жоспарланған. Бұл жаңалықты елорда әкімі Жеңіс Қасымбек жария етті.



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елорданың білім беру нысандарын жаңарту жалғасып жатыр. Биыл Астанада 6 мектеп күрделі жөндеуден өтті.



LRT ПОЙЫЗДАРЫ ЖҮРЕДІ

Алдағы аптада елордада LRT-ның бірінші пойызы рельспен жүріп өтеді. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.



– 29-30 қыркүйекте Абу-Даби станциясынан Мәңгілік ел бағытындағы көпірге қарай станциялар аралығындағы пойызды іске қосамыз деп жоспарлап отырмыз. Алдағы уақытта күн сайын жұмыс уақытын, станциялар мен пойыздар санын арттырамыз. Жалпы тестілеу 3 айдан 6 айға дейін созылады, – деді Жеңіс Қасымбек Парламент Мәжілісінде тілшілер сұрағына жауап бере отырып.

Әкім сондай-ақ қазан айында қосымша 8 пойыз жеткізілетінін, ал 18 пойыздың барлығы желтоқсанға дейін пайдалануға берілетінін айтты. Пойыздар желтоқсанның соңына немесе қаңтардың ортасына дейін сынақ режимінде жұмыс істейді. Жол ақысының жобалық құны 200 теңге болмақ.

№114 (4858) 27/09/2025 Сенбі



ЖАППАЙ ЦИФРЛАНДЫРУ – ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯ

Мемлекет басшысы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым мен технология барлық мемлекеттер үшін стратегиялық маңызы бар мәселе екеніне назар аударды.

«Дамыған елдер ғылымға да, технологияға да баса мән беріп жатыр. Заманның беталысын баршаңыз көріп отырсыздар. Жаһандық геосаяси ахуал тұрақсыз, құбылмалы, сын-қатерлер аз емес. Бірақ қытай халқының белгілі пайымдауына сенсек, дағдарыс кезінде жаңа мүмкіндіктер туады. Қазір – инвестицияның, ғылым мен жоғары технологияның уақыты. Бүгінде кез келген елдің әлемдегі орны ғылымның даму деңгейіне қарай анықталады. Экономикалық өсім ғылымға тікелей байланысты, бұл – аксиома. Түрлі мемлекеттер арасында технологиясы дамыған озық ел болу үшін күрес жүріп жатыр. Орталық Азиядағы бәсекелестік те күшеюде, бұл – түсінікті, заңды үрдіс. Сондықтан біз де осы салаға баса мән беруіміз керек, нақты нәтижелерге қол жеткізуіміз қажет» деді Президент.

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында алдымызға айқын мақсат қойылғанын айтты. Соған сәйкес, Қазақстан алдағы үш жылдың ішінде цифрлық ел болуы керек, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін жан-жақты пайдаланып, оны барлық салаға енгізу қажет.

«Бірнеше күн бұрын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясындағы сөзімде еліміздің даму бағдарына арнайы тоқталдым. Сондай-ақ дүние жүзінде болып жатқан үдерістерге Қазақстанның көзқарасын білдірдім. Жаһан жұрты береке-бірлікте өмір сүру үшін өзара сыйластықты, теңдік пен ынтымақтастықты таңдауы қажет. Сонда ғана мемлекеттер арасында табысты қарым-қатынас орнайды. Осы айдың басында Қытайға ресми сапармен барғанымды білесіздер. Онда құны 15 миллиард доллар болатын 70 инвестициялық келісімге қол қойылды. АҚШ-қа сапарым кезінде әлемдік компаниялардың басшылығымен келіссөздер өткіздім. Оның ішінде Amazon, Meta сияқты жасанды интеллект және жоғары технология саласындағы ірі корпорациялар бар. Сондай-ақ қаржы-инвестиция саласындағы Goldman Sachs, Blackstone, Cerberus Capital Management, Citigroup корпорацияларының жетекшілерімен кездестім. Wabtec, PepsiCo және басқа да ірі компаниялармен коммерциялық келісімдер жасалды. Сапар аясында экономикамыздың басты салаларын қамтитын 11 келісімшартқа қол қойылды, жалпы құны 5,2 миллиард доллардан асады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК

Президент еліміздің келешегі жарқын болғанын қаласақ, жоғары технология мен жасанды интеллектіні қазірден бастап тиімді пайдалану керек екенін атап өтті.

«Соңғы жылдары ұлттық ғылымды дамытуға айрықша көңіл бөліп жатырмыз. Бес жылда білім-ғылым саласына салынған инвестиция бес есе өсті. Зерттеу университеттері көбеюде, олардың өндіріспен байланысы нығайып келеді. Қазір 300-ге жуық коммерциялық жоба қолға алынды. Осылайша, «Университет – зерттеу – инновация – коммерция» кешенді жүйесі орнығып жатыр. Бұл үрдіске күшті серпін беріп, оны таяу арада толығымен енгізу керек. Әлемнің 40 беделді жоғары оқу орнымен серіктестік орнаттық. Бүгінде елімізде 33 филиал ашылды. Технология парктері және инжиниринг орталықтары құрылуда. Ұлттық Ғылым академиясының беделі нығая түсетін болды. Әр аймақта Ғылым жөніндегі кеңестер жұмысқа кірісті. Ғалымдардың мүддесін қорғауға баса мән беріп отырмыз. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды, ғылымды басқарудың жаңа құқықтық негізі қаланды. Ұлттық ғылымның кадрлық әлеуетін нығайту – аса маңызды, түйінді мәселе, оны басты назарда ұстау қажет. Жас ғалымдарға барынша жағдай жасала беруі керек. Жалпы, алда әлі де көп жұмыс бар, бұл жұмысқа бәріміз бірге жұмылып, бір ұжым болып, тиянақты қатысуымыз керек. Әйтпесе, күре жолдың шетінде қалып қоямыз» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы таяуда Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясын салу бойынша жұмыстар басталғанына назар аударды. Жобаны халықаралық консорциум жүзеге асырады. Оның жетекшісі – «Росатом» компаниясы.

«Тиісті агенттік, жалпы, Үкімет осы компаниямен келіссөздер өткізген кезде әрдайым еліміздің мүддесін ескеруі қажет, келісімдердің барлығы әділетті, теңгерімді, тиімді болуы керек. Табиғи байлығымызды, яғни уранды талан-таражға салуға болмайды. Бүгін мен мұны ғалымдардың және бүкіл ғылым қауымдастығының алдында әдейі айтып отырмын. Бұл – аса маңызды мәселе. Әрине, біз бір атом электр станциясымен шектеліп қалмаймыз. Екінші, үшінші атом станциясын қазірден бастап жоспарлай беруіміз керек. Қытай Төрағасымен кездесуде біз осы мәселені талқыладық. Елдеріміз бейбіт атом бағытындағы ықпалдастығын күшейте береді. Қытайдың өзінде алдағы он бес жылда 76 жаңа реактор іске қосылмақ. Шығыстағы көршіміз – осы саладағы жетекші мемлекеттің бірі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

АТОМНЫҢ ИГІЛІГІ – БЕЙБІТ МАҚСАТТА

Президент атом энергетикасын дамытуға стратегиялық минералды ресурстар керек екенін атап өтті.

«Қазақстанда бұл салаға қажетті сирек кездесетін металдар жеткілікті. Біз уран өндірісі бойынша әлемдік көшбасшы мемлекеттің бірміз. Әлемдегі уран қорының 40 пайызы – қазақ жерінде. Осы басымдығымызды дұрыс пайдалану қажет. Атом станциясы салынған соң уранның экономикадағы рөлі түбегейлі өзгереді. Бұрын экспортқа ғана кетіп жатқан бұл байлық енді ішкі нарықтың қажетіне жарайтын болады. Бұл жұмысқа қазірден бастап дайындалған жөн, тиісті талдау жүргізілуге тиіс. Ғалымдарымыз осыны ескеруі керек. Жалпы, елімізде атом саласының ғылыми негізі бұрыннан бар. Кезінде әйгілі академик Қаныш Сәтбаев КСРО Министрлер кабинетіне хат жазып, Қазақстанда ядролық физиканы дамыту мәселесін көтерген. Көп ұзамай 1957 жылы Алматыда Ядролық физика институты ашылды. Міне, сол кезеңнен бастап елімізде әлемдік талапқа сай ғылыми-технологиялық инфрақұрылым қалыптаса бастады. Астана, Алматы және Курчатов қалаларында арнайы қондырғылар іске қосылды, онда отандық және шетелдік ғалымдар белсенді жұмыс істеуде. Бертінге дейін Қазақстан, негізінен, шикізат экспорттады. Енді біз ядролық отын цикліндегі өңдеу үлесін дәйекті түрде арттырамыз. Мысалы, 2021 жылы елімізде жылу бөлетін тораптар шығаратын зауыт ашылды. Атом электр станциясы бұл саладағы өндірістік циклді толық аяқтауға мүмкіндік береді. Соның арқасында атом энергетикасы сыртқы нарыққа тәуелсіз, ұлттық салаға айналмақ. Бұл – өте күрделі жұмыс. Сондықтан ғалымдарымызға зор жауапкершілік жүктеледі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Мемлекет басшысының айтуынша, тағы бір өте маңызды бағыт – ядролық медицинаны дамыту.

«Озық ядролық технологияларды қолдану арқылы ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін айтарлықтай арттыруға болады. Бұл, әсіресе, онкологиялық және жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеу мүмкіндіктеріне жол ашады. Үкіметтің міндеті – отандық радиофармацевтикалық препараттарды әзірлеуді және қолданысқа енгізуді қамтамасыз ету. Сондай-ақ жетекші клиникалар мен университеттер жанынан ядролық медицина орталықтарының желісін құру қажет» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаппай цифрландыру мен жасанды интеллект технологиясын енгізу арқылы экономиканы жан-жақты жаңғырту жуырдағы Жолдауының өзегі болғанын еске салды.

– Бұл міндет ғылым саласына, әсіресе, атом секілді инновациялық бағытқа тікелей қатысты. Цифрлық шешімдер ядролық нысандардың қолданыс циклін ұтымды басқаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ шығынды азайтып, барлық процестің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттырады. Жасанды интеллект аталған мүмкіндіктерді бірнеше есе күшейтеді. Қазіргі дамыған әлем жаңа технологиялық қалыпқа сәйкес түбегейлі экономикалық өзгерістер мен жаңғыру дәуіріне аяқ басты. Дәл осындай тарихи бетбұрыс кезеңінде көптеген ел өз мүмкіндіктерін жұмылдырып, дамуда зор серпіліс жасады, ғылыми-технологиялық жарыста алға озды. Жаппай цифрландыру азаматтарымыздың тұрмыс сапасын едәуір жақсартып, Қазақстанның орнықты ғылыми-технологиялық прогресіне берік негіз қалайды. Аталған стратегиялық бағыттың дұрыс екеніне сенімім кәміл. Мұндай саясат жастар арасында кеңінен қолдау тауып жатыр. Өскелең ұрпақ заман талабын жақсы түсінеді әрі технологиялық жаңалықтарға ашық. Әйтсе де қоғамда бұл мәселеге және күн тәртібіндегі басқа да проблемаларға күмәнмен қарайтындар бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл – біз үшін қалыпты жағдай. Алайда мұндай ой-пікірлерді де ескеру қажет. Бәзбіреулер үшін мұндай міндеттер нақты іске ұласпай, сөз күйінде қалатындай көрінуі мүмкін. Бірақ Жолдауымда анық айттым: біз үшін, жалпы еліміз үшін басқа жол жоқ, әйтпесе ілгерілеуден, прогрестен, яғни даму көшінен қалып қойсақ, қауқарсыз, әлсіз халық боламыз, сыртқы күштердің кемсітуіне ұшыраймыз. Бұл жай бәсеке емес, мәселе – басқада. Түптеп келгенде, бұл – Қазақстанның дербес ел ретінде өміршеңдігі деген сөз, – деді Президент.

КЕЛЕШЕКТІ АЙҚЫНДАЙТЫН ҮРДІС

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік саясаттың негізгі мақсат-міндеттері жайындағы ойымен бөлісті.

«Менің негізгі миссиям – қазіргі алмағайып кезеңде еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, әлеуметтік-экономикалық дамудың берік іргетасын қалау. Бұл туралы ұдайы айтып келемін. Менің барлық шешімдерім осы өзекті міндеттерді іске асыруға бағытталған. Цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу – іргелі әрі ұзақ процесс. Оның әлем экономикасына жанама әсерлері мен ықпалын мұқият зерделеп, анықтау қажет. Алайда бұл технологиялық үрдіс бүкіл халықтар мен мемлекеттердің келешегін айқындайды. Бұл салада қатып қалған қағида жоқ. Сондықтан біз жылдам қимылдап, ең батыл шешімдер қабылдаудан қорықпауымыз қажет. Сонда ғана біз өзімізге жүктелген тарихи миссияны орындай аламыз, яғни қалыптасып жатқан жаңа әлемнен лайықты орнымызды аламыз» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, атом саласының ғылыми-технологиялық әлеуетін күшейту ісінде халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор.

«Бұл бағытта біз жақсы нәтижеге қол жеткіздік деп айтуға болады. МАГАТЭ, Біріккен ядролық зерттеулер институты (Ресей), Бүкіләлемдік ядролық университет (АҚШ), Еуропалық ядролық зерттеулер орталығы (CERN, Швейцария) және басқа да танымал ғылыми мекемелермен тиімді серіктестік жолға қойылды. Ғалымдарымыз термоядролық синтез, ядролық материалтану, радиациялық технология салаларындағы жаһандық ғылыми жобаларға атсалысуда. Мұндай халықаралық маңызды бастамаларға қатысу біздің ядролық ғылымның әлеуетін көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге инвестиция тартуға, бірегей технология мен білім трансферіне септігін тигізеді. Үкімет ядролық ғылым саласындағы халықаралық әріптестікті күшейте түсуі керек. Сондай-ақ Қазақстанның көпжақты зерттеу жұмыстарына қатысу мәселесін пысықтауға тиіс. Атом энергиясы жөніндегі агенттік атом ғылымын дамыту үшін ұзақ мерзімге арналған ғылыми-техникалық бағдарлама әзірлеуі керек. Құжатта оны қаржыландырудың нақты жолдары көрсетілуге тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ЕҢ БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев жұрттың қаржылық, ақпараттық, цифрлық және басқа да саладағы сауатын арттыру мәселесін көтерді. Осы ретте Мемлекет басшысы ғалымдардың ағартушылық миссиясына ерекше назар аударды.

«Сіздер әр саланы терең білесіздер. Атқарылып жатқан жұмыстың мән-жайын жақсы түсінесіздер. Соны жастарға айтып жеткізу керек. Олардың бойында әлеуметтік оптимизм қалыптастыру өте маңызды. Заман күрделі болса да, біздің бағытымыз дұрыс. Еліміз қиындықтың бәрін еңсеріп, үздіксіз дамып келеді. Бес жылда Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 181 миллиардтан 291 миллиард долларға көбейді. Биылғы 8 айдың өзінде экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Еліміздің халықаралық резерві мен Ұлттық қордың активі 116 миллиард доллардан асты. Соның ішінде халықаралық резервіміз рекордтық деңгейге жетіп, 54,6 миллиард доллар болды. Мұның бәрін басқа мемлекеттер, беделді ұйымдар көріп отыр, мойындап жатыр. Мысалы, Standard and Poor's агенттігі бұған дейін еліміздің дамуын «тұрақты» деп болжап келді. Енді «жағымды» деген болжам жасауда. «Сырт көз – сыншы». Әлем қауымдастығының Қазақстанға деген сенімі біздің дұрыс жолмен келе жатқанымызды көрсетеді. Алайда халықаралық рейтингтерде жоғары орын иелену біз үшін мақсат емес, оның үстіне бұл тоқмейілсуге себеп бола алмайды. Біз мұны түсінуіміз керек. Біздің басты міндетіміз – халықтың әл-ауқатын ұдайы арттыру және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін күшейту. Дәл сол себепті біз қиын да күрделі өзгерістер арқылы реформалар жүргіземіз. Бұл оңай жол емес. Елімізді басқаша өркендете алмаймыз. Бәріміздің мақсат-мүддеміз бір. Бұл – Әділетті, Қуатты, Таза әрі Қауіпсіз Қазақстанды құру. Бұл іске ғалымдар қауымы мол үлес қосады деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.

№114 (4858) 27/09/2025 Сенбі

ИНВЕСТИЦИЯҒА ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛА



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Агроөнеркәсіп кешенінің құрылысы екі кезеңнен тұрады: бірінші кезең – бидайды терең өңдеу – 2027 жылы, ал екінші кезең – бұршақ дақылдарын терең өңдеу – 2028 жылы аяқталады. Кешеннің өндірістік қуаты жылына 250 мың тонна бидай мен 80 мың тонна бұршақ өнімдерін өңдеуге мүмкіндік береді. Өңдеу нәтижесінде глютен, крахмал, лизин, құрама жем, өсімдік негізіндегі ақуыз изоляттары және басқа да өнімдер шығарылады. Дайын өнім тек ішкі нарыққа ғана емес, сондай-ақ экспортқа да шығарылады деп жоспарлануда» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Жеңіс Қасымбек Астанада негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң даму динамикасы байқалатынын да түсіндіріп жазды.

«Биыл 7 айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1,2 трлн теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 42,1%-ға артты. Соның ішінде өңдеу өнеркәсібі, медицина, білім беру, көлік, логистика және өзге де салалардағы жобалар бар» деді әкім.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ





Кеше Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезектен тыс отырысы өтті. Жиында қала тіршілігіне тікелей қатысты бірқатар өзекті мәселе талқыланды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Отырыста «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ басшысы Дәулет Досқұлов қаладағы жасыл желектерге құжат беру және оларды цифрландыру үдерістерін жеделдету іс-шаралары туралы; «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ басшысы Қасымхан Сенғазыев оқушылар мен тәрбиеленушілердің қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы баяндама жасап, Қоғамдық кеңес мүшелерінің талқылауына ұсынды. Сондай-ақ Астана қаласының су объектілерінде демалу, туризм және спорт жарыстарына арналған орындар белгілеу, Астана қаласының су объектілерінде су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу сынды мәселелер қаралды.

Қалаға қарасты әр аудан әкімдерінің орынбасарлары көгалдандыруға байланысты атқарылған жұмыстардың жай-күйін баяндап, түйткілді жайттарды кеңес мүшелерінің назарына ұсынды. Баяндамашылар ағаш отырғызу, көгалдарды күтіп-баптау және санитарлық тазалыққа қатысты нақты деректер келтірді. Қоғамдық кеңес мүшелері көгалдандыру және қала тазалығын сақтау мәселелеріне байланысты аудан әкімдеріне сұрақтар қойып, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Қоғамдық кеңес мүшелері есеп беруші ұйымдардың ақпаратын тыңдап, талқылай келе, елордада көгалдандыру бағытында үлкен жұмыс жүргізіліп жатқанын, соңғы екі жылда қоғамдық кеңістіктерді дамыту, саябақтар, сквелрер мен аллеялар салу және абаттандыру бойынша ауқымды жұмыс атқарылып, 14 жоба жүзеге асқанын атап өтті.

ЖАСЫЛ БАЛАБАҚША – ЕРЕКШЕ ЖОБА

Астана қаласындағы №74 «Дәурен» балабақшасында «Жасыл балабақша» жобасы аясында қалалық деңгейде семинар ұйымдастырылды. Оған елордадағы №24, 74, 77 және 84 балабақшаларының өкілдері қатысып, атқарылған жұмыстармен, тәжірибелермен бөлісті.



«Жасыл балабақша» – мектепке дейінгі ұйымдардың аумағын көгалдандыру, ландшафт зерттеуін жүргізу және балаларға экологиялық тәрбие беру мақсатында қолға алынған маңызды жоба. Оның басты мақсаты – жас ұрпақтың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, экологиялық сананы ерте жастан қалыптастыру. Семинарда №74 «Дәурен» балабақшасы осы жобаны жүзеге асыру бағытында соңғы үш жылда атқарылған жұмыстарын көпшілік назарына ұсынды. Атап айтқанда, балабақша аумағында түрлі сәндік және пайдалы өсімдіктер отырғызылып, шағын көкөніс бақтары мен гүлзарлар ұйымдастырылған. Сонымен қатар тәрбиеленушілерге экологиялық бағыттағы арнайы сабақтар мен ойын түріндегі іс-шаралар тұрақты түрде өтіп келеді. Жобаның тағы бір маңызды ерекшелігі – ландшафт зерттеуін қолдану арқылы балабақша ауласын тиімді көгалдандыру. Бұл тәсіл қоршаған ортаны көркейтіп қана қоймай, балалардың табиғат туралы білімін тереңдетіп, оларды табиғатқа жанашыр болуға тәрбиелеуге ықпал етеді.

Семинарға Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев қатысып, жобаның барысымен танысты. Жиын барысында балабақша бүлдіршіндері «Нан дастарханға қалай келеді?» атты көрініс қойып, бидай дәнінен бастап, дайын нан өнімінің дастарханға дейінгі жолын сахна қойылымы арқылы көрсетті. Бұл көрініс балалардың ауыл шаруашылығы, еңбек, табиғат және тағам арасындағы байланыстар туралы білімін тереңдетуге бағытталды. Іс-шараға қатысушылар «Жасыл балабақша» жобасының маңызын жоғары бағалап, мұндай экологиялық бастамалардың басқа да мектепке дейінгі ұйымдарда жалғасын табуы қажеттігін атап өтті. Жоба экологиялық мәдениетті бала жастан қалыптастырудың үлгісі ретінде оң нәтиже беріп отыр.

Білім беру жүйесінде ұстаздардың еңбегін бағалау және олардың кәсіби жетістіктерін атап өту мақсатында ұйымдастырылған «Астана қаласының құрметті педагогы» байқауының жеңімпаздары анықталды.

АСТАНАНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ПЕДАГОГЫ КІМ?



Сайыста білім беру саласының үздік мамандары өздерінің тәжірибесі мен жетістіктерін көрсетіп, кәсіби шеберлігін ортаға салды. Байқаудың қорытындысы бойынша әртүрлі пәндер бойынша жетістіктерге жеткен үш педагог жеңімпаз атанды. Комиссия отырысының шешімімен Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы №24 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Дана Жаңабек, №9 «Зерде» мамандандырылған лицейінің география пәні мұғалімі Гүлшат Ермағанбетова және №2 арнайы мектептің еңбек пәні мұғалімі Зумрет Самратова «Астана қаласының құрметті педагогы» атағына ие болды.

ЕСІРТКІ ЖАРНАМАСЫН ӨШІРДІ

Астана қаласы Байқоңыр ауданының полиция басқармасы «Заң және тәртіп» бағдарламасы аясында тұрғын үйлер мен аялдамалардың қабырғасына салынған есірткі жарнамалайтын суреттерді өшірді.

Қазіргі қала көшелерінде көзге жиі түсетін құбылыстардың бірі – дәл осы наркограффити. Бұл суреттер немесе таңбалар арқылы есірткіні заңсыз саудалайтын сайттарға шығады.

Жергілікті полиция қызметінің бөлім бастығы, подполковник Рахымжан Құлжановтың мәлімдеуінше, әдетте, оларда түсініксіз әріптер, сандар мен QR-кодтар болады. Сырт көзге мағынасыз болып көрінгенмен, ол – белгілі бір аудиторияға – есірткі іздеген жастарға – түсінікті ақпарат. Осы арқылы қылмыстық топтар өз өнімін жасырын таратады екен. Іс-шарада полиция қызметкерлерімен бірге «Astana jastary» және «Respublika jastary» еріктілер клубы бүркемелегіш бояулармен қабырғалардағы есірткіні жарнамалайтын бірнеше суретті өшірді. Осындай іс-шара Сарайшық ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен де өтті. Атап айтқанда, Арқар көпірінің астындағы түрлі жазуды өшіру акциясына қалалық мәслихат депутаты Арсланбек Мағзұм және аудандық полиция басқармасының қызметкерлері, аудандық прокуратура өкілдері, сондай-ақ «Жастар рухы» жастар ұйымының мүшелері қатысты.

«Басты мақсат – қала көшелерін күмәнді мазмұндағы жазулардан тазарту ғана емес, сонымен қатар құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу. Көше қабырғаларындағы мұндай граффитилер кей жағдайда заңға қайшы үгіт-насихатқа, жастардың теріс бағытқа бет бұруына себеп болуда. Сондықтан біз тек бояп-тазалап қана қоймай, тұрғындар арасында түсіндіру жұмысын жүргізіп жатырмыз. Қала – бәріміздің ортақ үйіміз, оны таза әрі қауіпсіз ұстау – әрбір азаматтың міндеті» деді Сарайшық аудандық полиция басқармасының қызметкері, полиция майоры Нұрлан Жұмаділов.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

№114 (4858) 27/09/2025 Сенбі

ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ ҚАЛАМГЕРЛЕР ҮНІ

Елордадағы Достық үйінде «Қаламгер және қоғам» атты дөңгелек үстел отырысы өтті. Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысқан жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауынан туындайтын әдебиет пен қоғамның байланысы, руханият пен заманауи үрдістерді үйлестіру жолдары талқыланды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Қоғам дамуының әр кезеңінде ойы озық, қаламы ұшқыр тұлғалардың үні маңызды. Қаламгерлердің сөзі мен ойы бүгіннің ғана емес, болашақтың да құндылықтарын қалыптастырады» деген Есет Байкен Астанада руханиятты қолдау бағытында бірқатар маңызды жұмыс атқарылып жатқанын жеткізіп, соларға тоқталды.

Бірнеше жыл бұрын қала әкімдігінің қолдауымен елорда қаламгерлеріне «Жазушылар үйі» берілді. Осыны атап өткен қала басшысының орынбасары бұл ғимарат шығармашылық қауымға еркін сұхбат құру, идея алмасу, еңбектерін талқылау үшін беріліп, әкімдік тарапынан толық қамтамасыз етілгенін, сондай-ақ ғылыми-танымдық экспедициялар мен әдеби-мәдени жобаларды ұйымдастыруға да әкімдік қолдау көрсетіп жатқанын айтты. Мәселен, жақында астаналық қаламгерлер ұлы Абайдың 180 жылдығына орай оның туған, мәңгілікке тыныс тапқан мекенге – Жидебай жеріне барып келді. Қаламгерлердің мерейтойлары, поэзия кештері, әдеби және мәдени жобалар да жыл сайын өтуде. Соңғы екі жылда қаламгерлерге Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің стипендиясы беріліп жатыр. Есет Байкеннің айтуынша, бұл үрдіс биыл да жалғасады. Жақында басталған «Қаламгер ұстаханасы» жобасы аясында Төлен Әбдік, Қойшығара Салғарақұлы, Тұрсын Жұртбай, Асқар Алтай сынды көрнекті қаламгерлердің дәрісі өтті. Мұндай дәрістер әлі де жалғасып жатыр. Сонымен қатар шығармашылық интеллигенцияға арналған интеллектуалдық сайыстар ұйымдастырылды.

Қала басшысының орынбасары Мемлекет басшысының Жолдауы аясында елордада жүргізіліп жатқан жұмыстармен де таныстырды. Атап айтқанда, «Ақылды қала» жобасы аясындағы жұмыстарға тоқталды. Жолдауда ерекше назар аударылған бағыт – елорданың цифрлық трансформациясы. «Ақылды қала» жобасы аясында халықаралық G42 холдингімен бірлесіп, жасанды интеллект жүйелері енгізілуде. Абу-Даби, Дубай, Лондон мен Сингапур тәжірибесіне сүйене отырып, жол қозғалысы мен қоғамдық қауіпсіздікті бақылауға мүмкіндік беретін бейнекамера жүйесі іске қосылады.

Бүгінде Астана қарқынды дамып келеді. Тұрғындар саны 1,6 миллионнан асты, ал 2035 жылға қарай 2,3 миллионға жетуі мүмкін деген болжам бар. Бұл жаңа мектептер салуды, жол желісін кеңейтуді, қоғамдық көлікті көбейтуді және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуды талап етеді. Осы орайда Есет Байкен әлеуметтік-экономикалық бағыттардағы істерге, инженерлік инфрақұрылымды күшейту жұмыстарына тоқталды. Көші-қон үдерісі ескеріліп, Астана қаласының 2035 жылдарға дейінгі Бас жоспары бекітілгенін жеткізді.

Қатысушылар Жолдауда айтылған жасанды интеллектіні енгізу, елордадағы цифрлық өзгерістер, сондай-ақ әдебиетті дамыту, рухани құндылықтарды сақтау және қоғамдағы зиялы қауымның рөлі мәселелерін талқылады. Жолдаудағы идеяларды жүзеге асыруға белсенді атсалысуға дайын екенін, мәдениет, қоғам және заманауи технологиялар арасындағы байланысты нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

ЕМХАНАҒА КЕЗЕК НЕГЕ КӨП?

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында денсаулық сақтау саласын дамытудағы бірқатар негізгі бағытқа тоқталды. Президенттің айтуынша, соңғы 3 жылдың өзінде елорда тұрғындарының саны 250 мыңнан астам адамға, соның ішінде былтыр 100 мың тұрғынға көбейді. Емханалардың жүктемесі өте көп, онда орын тапшы. Соның салдарынан әкімдік қаланың қарқынды дамуына жағдай жасаудың орнына әлеуметтік шығындарға қыруар қаржы жұмсауға мәжбүр екенін алға тартты.



Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Соңғы уақытта елорданың денсаулық мекемелерінде дәрігерлердің жүктемесі айтарлықтай өсіп келеді. Қала халқының жыл сайынғы қарқынды көбеюі, көші-қон үдерісі мен жаңа тұрғын үй кешендерінің көптеп салынуы, өз кезегінде, емханалардағы қызмет сапасына әсер етпей қоймайды. Мамандардың айтуынша, бір дәрігерге тиесілі тұрғындар саны нормативтен асып түсіп отыр. Бұл жағдай дәрігерлердің әрбір науқасқа жеткілікті уақыт бөлуіне мүмкіндік бермей, медицина қызметінің сапасына әсерін тигізуде. Сонымен қатар халық тарапынан ұзақ кезекке шағымдар жиілеген.

Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемованың айтуынша, ведомстволық бағынысты медицина ұйымдарында шамамен 12 мың медицина қызметкері жұмыс істейді, оның ішінде 3,5 мың дәрігер бар.

«Бүгінде Астана қаласының тұрғындары мен қонақтарына 11 медицина ұйымы стационарлық көмек көрсетуде. Онда барлығы 4363 төсек-орын бар. Бас жоспардың демографиялық болжамына сәйкес, 2035 жылға қарай қала халқы 2,3 миллионға жетеді. 2015 жылдан бері ірі медицина нысандары салынбағанын ескерсек, халық саны осы уақыт аралығында 800 мыңнан 1,5 миллионға дейін өсті. Соның салдарынан қазіргі таңда төсек-орын тапшылығы бар. Болжам бойынша 2027 жылға қарай қосымша шамамен 1400 төсек-орын қажет болады» дейді ол.

Қазір елорданың емханалары шамадан тыс жүктемемен жұмыс істейді. Бір ауысымда, жоспарға сәйкес, 11 мың адамды қабылдаудың орнына іс жүзінде күніне 30 мыңнан астам азаматқа қызмет көрсетеді. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін алдағы 5 жылда 2 перинаталдық орталық, жаңа көпсалалы аурухана, №2 қалалық көпбейінді аурухана медицина инфрақұрылымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаңа көпсалалы ауруханаға қабылдау-диагностика кешені, 2 мемлекеттік және 3 жекеменшік емхана, сондай-ақ 2 жедел жәрдем станциясын салу көзделіп отыр.

БҮГІНДЕ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫНА 11 МЕДИЦИНА ҰЙЫМЫ СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДЕ. ОНДА БАРЛЫҒЫ 4363 ТӨСЕК-ОРЫН БАР. БАС ЖОСПАРДЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ БОЛЖАМЫНА СӘЙКЕС, 2035 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ҚАЛА ХАЛҚЫ 2,3 МИЛЛИОНҒА ЖЕТЕДІ

«Бұл іс-шаралар халықтың сұранысына жауап беретін заманауи әрі тиімді медицина инфрақұрылымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаңа көпсалалы ауруханаға қабылдау-диагностика кешені, 2 мемлекеттік және 3 жекеменшік емхана, сондай-ақ 2 жедел жәрдем станциясын салу көзделіп отыр.

«Заманауи емдеу жағдайлары – бұрын шетелге баруды қажет еткен жоғары технологиялы операциялар мен күрделі диагностиканы елімізде жасауға мүмкіндік туады. Мамандар даярлау жаңа аурухана дәрігерлерінің тәжірибеден өтуіне, білімін жетілдіруіне база болады, бұл кадр әлеуетін күшейтеді. Қолданыстағы клиникалардың жүктемесін азайтсақ, науқастар медицина көмегін уақытылы әрі сапалы алады. Өңірлік даму жаңа жұмыс орындарының ашылуына, бизнеске қосымша серпін береді» дейді Әлия Рүстемова.

Сала өкілдерінің пікірінше, медицина қызметінің сапасын арттыру тек инфрақұрылымды дамыту арқылы ғана емес, сонымен қатар цифрлық шешімдерді кеңінен енгізуді қажет етеді. Бұл ретте елорданың медицина ұйымдарына бірқатар цифрлық шешім енгізілгенін айтпасқа болмас.

Мәселен, бүгінде науқастар дәрігер қабылдауына eGov mobile және «Damumed» қосымшалары арқылы онлайн жазыла алады. Сонымен қатар электронды денсаулық паспорты арқылы әрбір тұрғынның емдеу тарихы мен талдау нәтижелері бірыңғай базаға жинақталуда. Медицина саласына телемедицина жүйесі де енгізілген. Ол дәрігерге қашықтан бейнеқоңырау арқылы жүгінуге мүмкіндік береді.

Президент Жолдауында аталып өткендей, алдағы уақытта денсаулық сақтау саласында жасанды интеллект пен заманауи технологиялар кеңінен қолданысқа енгізілмек. Бұл ауруларды ерте диагностикалауға және дәрігерлердің жүктемесін азайтуға ықпал етеді.

Түйінін айтқанда, Астанада дәрігерлердің жүктемесі – денсаулық сақтау жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі. Оны шешу үшін қолға алған кешенді іс-шараларды жалғастыру керек. Халық санының артуына байланысты медицина инфрақұрылымдарын одан әрі дамытып, дәрігерлерге қолдау көрсетілген жағдайда ғана елордалықтар сапалы әрі уақытылы көмек ала алады.



ЖАСЫЛ ҚАЛАНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстан Сәулетшілер одағының мүшесі Айдар Өмірзақовпен сұхбат

– Айдар Мадияруллы, қазіргі отандық сәулет өнерінің жай-күйі қандай? Елорда құрылысының архитектурасы туралы не айтасыз?

– Мен өзім Ленинград инженер-құрылыс институтын бітірген құрылысшы-архитектормын. Қазіргі сәулет өнерінің дамуына келсек, Алматы, Астана қалаларында заманауи көрікті ғимараттар салынып жатқаны рас. Елордамыз – заманымыздың сәулетті де жаңа құбылысы. Бірақ терең үңіліп қарасақ, оның да кемшін тұстары бар. Жалпы өркениетке бастаған бағыты өте дұрыс.

Қазір сәулет өнері инновацияға, жаңа технология жетістіктеріне көбірек көңіл бөлуде. Енді соған кейбір ғимараттарды жобалау кезінде қазақи, ұлттық рең мен бояуды қосу жағы жетпей жатады. Дегенмен «Хан Шатыр», «Бәйтерек», «Пирамида», мешіттер шығыс үлгісінде салынған. Олар сәулет өнерімізді әлемге танытуда. Қаланың ұлттық бет-келбеті болғанын арман-даймыз. Өйткені әрбір мейман Қазақстанға келгенін сезіне алуы қажет. Бұл барлық ғимараттар мен нысандарды ұлттық негізде не шығыстық үлгіде сала беру керек деген сөз емес. Алдағы уақытта әуежай, теміржол вокзалдарын және қаланың басты ғимараттарын жобалау барысында осы ұстанымды негізге алсақ, ұтымды болатыны сөзсіз. Тұрғын үйлерді әйнек пен бетоннан тұрғыза салмай, эстетикалық талғамға, табиғатпен үйлесімге мән берілгені жөн. Сәулет өнері адамды сүйсіндіріп, оған шабыт сыйлауы керек! Мысалы, Дубайдың өзінде ғимараттардың бәрі де шығыс үлгісінде деп айта алмаймыз. Сәулет өнерінің әртүрлі жетістіктерін пайдаланғанын көреміз. Сол сияқты басты қалаларымыздың да өзіндік ерекшеліктері болғаны абзал. Айталық, Скандинавия елдерінің сәулеті бүкіл әлемге үлгі болып келе жатыр. Олардың да табиғаты жайлы емес. Суығы да, желі де бар. Жері батпақты болып келеді. Бірақ олар ең бірінші адам мен табиғатты ұштастыра отырып, халыққа тұрмыстық-әлеуметтік жағынан қалай жайлы болатынына, демалыс орнына, балалардың қауіпсіздігіне мән береді. Олар жердің суын жойып, батпағын кептіріп, үстіне үй тұрғыза салмайды. Аздаған көлшік болса да, оны сол аумақта қалдырып, төңірегін жасыл желекке бөлеп, табиғатқа зияны келмейтін жерге үй салады. Көбіне 7 қабаттан асырмайды. Біздегідей кішкентай аумаққа қатар-қатар 25, 30 қабатты үй салып жатқан жоқ.

– Астананы көркейту, оның табиғи ерекшелігін ескере отырып, сапалы да сәулетті ғимараттар салу жөнінде қандай ой-пікір айтасыз?

– Елордаға көрік беріп тұрған керемет ғимараттардың бір-екеуін айта кетейін. Ең әуелі «Бәйтерек» кешені, оны сәулетшілер тобы Ақмырза Рүстембеков, Сүйерхан Базарбаев және Жұмабек Айтбалаев жобасын жасаған.

Астананы салуда өзіндік із қалдырған әйгілі британдық сәулетші Норман Фостер екені анық, ол «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Хан Шатыр» сауда орталығы, Тұңғыш Президент кітапханасы жобаларын дүниеге әкелген. Әлемнің танымал қалаларында жүздеген жобасы жүзеге асқан.

«Қазақстан» орталық концерт залының жобасын жасаған белгілі италиялық сәулетші Манфреди Николетти (1930-2017 жж.). Ал «Нұр Әлем» болашақ энергиясы мұражайының авторы – неміс сәулетшісі кіші Альберт Шпеер. Мен үлгі ретінде осы ғимараттарды айтар едім.

– Тұрғын үй кешендерінің ауласы мен көше тазалығына да ерекше мән беру қажет. Халық саны жыл сайын өсіп келеді. Қала тұрғындарының мәдениетін арттыру үшін не істеу керек?

– Әрбір адам «Қалаға қандай пайдамды тигізе аламын? Әсемдікті қалай қорғаймын?» деген ойда болса, көп ілгері басар едік. Үйлердің қабырғаларын сызып тастайды, ауладағы ойын алаңдарын сындырады, лифтінің ішіне де жазулар жазады. Кез келген жерге қақырып, түкіріп кету, судың босаған бөтелкелерін, пакеттерді лақтырып тастау жиі кездеседі. Соның бәрі – мәдениеттің жетіспеуі. Сондықтан қала тұрғындарының әдеп сақтауына қатысты жүйелі жұмыстар жүргізілгені жөн. Әр адамның санасына «Өз қаламды өз үйімдей көремін! Таза ұстау – міндетім!» деген ұғымды қалыптастыру қажет. Телеарналардан, автобустардағы мониторлардан тазалық сақтау туралы бейнероликтер жиі көрсетілгені жөн. Жапония, Қытай сияқты дамыған елдердің тәжірибелерін алуымыз керек.

– Биік үйлер салудағы кемшіліктер қандай?

– Ғимараттарды бір-біріне ұқсас етіп тұрғыза бермеу қажет. Ең бастысы, сапаға мән берілгені абзал. Үйдің сыртын қаптаған қыш тақтайшалар жаңбыр мен қарға, ыстық пен аязға төзімді болуы керек. Әйнек пен бетоннан салған үй қыста -30 градус суықта жылылықты сақтайтын, ал жазда аптап ыстықты өткізбейтін болуы тиіс. Мысалы, бұрын үйдің қабырғасын кірпіш таспен қалады. Қазір сыртқы қабаты әйнекпен қапталған ғимарат әдемі көрінгенмен, оны жылытуға энергия көп жұмсалады. Бүгінде энергия үнемдеу технологиясымен жасалған әйнек қаптамалар шығып жатыр. Бірақ оның құны кәдімгі әйнек қабатынан кем дегенде үш есе қымбат. Сол себепті кейбір құрылыс компаниялары үйлерді арзан дүниелермен салады. Жалпы қазір салынып жатқан тұрғын үйлердің кепілдігі – 50 жыл. Дегенмен 50 жыл деп жазылса да, жүз жыл тұруы керек. Кезінде «Хрущевка» деп аталған тұрғын үйлердің пайдалану мерзімі – 25 жыл. Бірақ олардың екіүш есе мерзімі өтсе де, әлі тұр. Ал айрықша ғимараттардың пайдалану мерзімі ұзақ болады. Оларға қымбат материалдар қолданылады. Астанада 1997-1998 жылдары үйлер салына бастағанда бетон қабырғаның қалыңдығы 50 сантиметр болды, одан кейін 40, 30 сантиметр жеткілікті деп тапты. Қазір 20-25 сантиметрден келеді. Ол үйлер жүз жыл тұра ма, жоқ па, ол жағы белгісіз.

– Қаланың сәні – саябақ. Жаңа саябақтар, алаңқайлар көбірек болса...

– Астанада саябақ өткір мәселе болып тұр. Жаңа құрылыс ауданын барып көрсеңіз, 17-20 қабатты үйлерді тығыз салуда. Құрылыс компаниясының мақсаты – көп қабатты үйдің әр шаршы метрінен ақша жасап, пәтерлерді көбірек сату. Арасына шағын саябақ не жасыл желекті алаңқай жоспарласа, қандай жарасымды болар еді. Алдағы уақытта осыны ескерген жөн.

> Астанадағы Абылай хан даңғылының жобасы 1970 жылдары жасалған. Ол – осы қаладағы Жобалау институтының үздік жобасы. Ортада жол, екі жағы жасыл желек. Тұрғын үйлерге дейінгі қашықтық 70-80 метрді құрайды. Біріншіден, ағаштар қаланың ауасын таза ұстайды. Екіншіден, көліктердің шуын басады, шаң-тозаңды жібермейді

Астанада «Мыңжылдық аллеясы» салынатын болды. Бұл көптеген сәулетшілер, суретшілер мен тарихшылардың ортақ идеясы негізінде жасалды. Ол жобаға өзім де қатыстым. Эскиздік жоба бойынша ұзындығы 5 шақырымды, ені 500 метрді қамтиды. Жан-жағында кішігірім 2-3 қабатты үйлер, мейрамханалар болатыны жобаланды. Ол бастапқыда «Пирамидадан» жаңа теміржол вокзалына дейін жоспарланған. Одан соң Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ драма театрынан әрі қарай жалғасатын болды. Ол да кейін көп өзгеріске ұшырап кетті. Биік тұрғын үйлер салынған. Енді үзік-үзік шағын аллея салынуда.

Осы орайда, биыл 19 маусым күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Мыңжылдық аллеясына» барып, елорданы дамыту жобасымен танысты. Ендігі жерде кемшіліктерге жол беруге болмайтынын жеткізді және алдағы уақытта қандай мәселелерге терең мән беру қажеттігі туралы нақты тапсырмалар берді. Қала әкімі Жеңіс Қасымбек Астананы көркейту бағытында көп істерді жүзеге асыруда.

2013 жылы Мадрид қаласында болдым. Бір-екі орамнан кейін келесі саябақ шығады. Тағы жүрсең, солай кездесе береді. Бізде де әрбір екі-үш орам сайын бір саябақ болса, тұрғындар үшін қолайлы болмақ. Адам отбасымен бірге кешке қарай немесе демалыс күндері саябаққа барып, серуендегісі келеді. Біз қазір Президент саябағына барамыз, үйден бір шақырымдай жерде. Ол ештеңе емес. Бірақ саябақтардан үш-төрт шақырым қашықта тұратын адамдар бара алмайды. Сквер, бульвар, аллея көп болуы қажет.

Астанадағы Абылай хан даңғылының жобасы 1970 жылдары жасалған. Ол – осы қаладағы Жобалау институтының үздік жобасы. Ортада жол, екі жағы жасыл желек. Тұрғын үйлерге дейінгі қашықтық 70-80 метрді құрайды. Біріншіден, ағаштар қаланың ауасын таза ұстайды. Екіншіден, көліктердің шуын басады, шаң-тозаңды жібермейді. Өкінішке қарай, қазір ондай жобалар жоқ. Сол даңғылдың бойында Бауыржан Момышұлы даңғылынан Қарағанды тасжолына қарай соңғы жылдары он шақты тұрғын үй салып тастады. Жоба бойынша ол жерде саябақ болуы тиіс еді. Жалпы тұрғын үй алаптарын гүлзармен көркейтіп отырсақ, қала келбеті де өзгеріп, жасыл шаһарға айналады.

Әңгімелескен
Айбатыр СЕЙТАҚ
Астана қаласы



ЖАҢА КӘСІПКЕ ЖОЛ АШТЫ

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асып жатқан Joltap қысқа мерзімді курстары еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды тәжірибе арқылы үйретіп келеді. Жоба түлектерінің бірі – 32 жастағы Гүлназ Мырзашова алған білімін жұмысында тиімді қолданып жүр.


– Бұл жоба туралы елордадағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттеріне барып, мамандардан сұрап-білдім. Олар маған курстар туралы жан-жақты мағлұмат берді. Содан мен мобилография курсына жазылдым, – деді жобаға қатысушы.

Айтуынша, курсқа жазылған соң оқу көп кешікпей басталған.

«Оқытушылар – сол салада жұмыс істейтін тәжірибелі мамандар. Олар мобилография бойынша қажетті ақпараттарды айтып-түсіндіріп берді. Кейін теорияны практика жүзінде көрсетті. Бастысы мұнда мамандық бойынша қажетті дағдыларды үйретті. Мәселен, видео түсіру, дизайн жасау. Жалпы сабақтар өте қызықты өтті» деді Г.Мырзашова.

Ол былтыр «Мобилография», биыл «Графика дизайны», «Контент-криэйтор» курстарын оқыған.

– Мен жекеменшік агенттікте жұмыс істеймін. Бұрын сторисмэйкер болып қызмет еттім. Қазір директор лауазымындамын. Өздеріңіз білесіздер, қызметкерлерге тапсырма берген уақытта өзіңіз де сол саланы жақсы біліп тұруыңыз қажет. Әлеуметтік желіге Reels-тер түсіреміз. Оларға әртүрлі бағытта «мұқаба» (обложка) жасауымыз қажет. Сондықтан осы курстарды оқыдым. Жұмысыма пайдасы тиіп жатыр. Осы орайда жоба ұйымдастырушыларына алғысымды білдіргім келеді, – деді Гүлназ Асқарқызы.



«Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері арқылы жүзеге асатын Joltap жобасы екі жыл ішінде мыңдаған қала тұрғынына жаңа кәсіп игеруге жол ашты. Курстарға қатысушылардың айтуынша, теориядан гөрі практика дағдыларына ерекше мән беріледі. Соңғы екі жыл ішінде қаладағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде 34 мыңнан астам адам кеңес алды және 15 мыңнан астам азамат тегін оқудан өтті.

№114 (4858) 27/09/2025 Сенбі

ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАЛАЙ АРТАДЫ?

Сан мыңдаған адамдардың жолда ажал құшып, қаншама отбасының қайғыға батуына басты себеп – көлік жүргізушілерінің жауапкершілігінің төмендігі болып отыр. Осы жылы Қазақстанда жол-көлік оқиғалары былтырдан 54 пайыз артыпты. Бұған көбіне такси жүргізушілері басты себепкер ретінде танылды.



Райхан РАХМЕТОВА

Мәжіліс депутаты Ерлан Сайыровтың айтуынша, биыл 6 айда елде 15 698 ЖКО орын алған. Осыған орай жолдағы бақылау күшейтіліп, ауқымды тексерістер, рейдтер, қалааралық бағыттарды және жеке тасымалдаушыларды қадағалау күшейтілді. Сондай-ақ көліктің техникалық жағдайына және жүргізушілердің жауапкершілігіне ерекше назар аударылуда. Дегенмен қауіпсіздік тек полицияның ғана жұмысы емес, әр адамның жеке жауапкершілігі екенін есте сақтау керек.

Жолдағы қасіреттің орын алуына көлік жүргізушілерінің жылдамдық арттыруы, мас күйінде рөлге отыруы, шаршағаннан көзі ілініп кетуі, қарсы жолаққа шығып кетуі және басқа да жол ережелерін бұзуы себеп болады. Соның ішінде өлімге әкелетін ауыр апаттардың негізгі себептерінің бірі – бөлгіштері жоқ трассаларда қарсы жолаққа шығу. Сарапшылардың пікірінше, ең қауіпті учаскелерге тіпті қарапайым бөлу қоршауларын орнату да адам өмірін едәуір сақтап қалады. Тәжірибе көрсеткендей, тек қатаң шаралар ғана тәртіпке шақырады. Мәселен, қазақстандық жүргізушілер қауіпсіздік белдігін тағуға да осы арқылы үйренді. Мамандардың пікірінше, дәл осындай жолмен жолдағы жалпы қауіпсіздікті де арттыруға болады. Депутаттар осы ретте дамыған елдер тәжірибесін енгізу арқылы ғана бұл мәселені шешуге болатынын айтады. Ондай елдерде такси жүргізушілеріне қойылар талап тым қатаң, техникалық және медициналық бақылау да күшті.

– Елімізде жүргізушілік мәдениеті Кеңес Одағынан бері берік қалыптасқан, кейбір елдермен салыстырғанда жақсы деп айтуға болады. Бірақ, экономика өсіп, көлік саны көбейіп, жүргізушілердің қатары артқан сайын бәрібір сол қалыптасқан дүние босаңсып кетті. Оған бір жағы көлік кептелісі де себеп. Әрине, мемлекет тарапынан бұл бағытта жұмыстар жүргізіліп жатыр, дегенмен ол жеткіліксіз. Жүргізуші мәдениеті – бірінші кезекте әр адамның жауапкершілігі қандай деңгейде соған байланысты дүние. Сондықтан да ішімдік ішіп алып рөлге отыру, жылдамдықты асырып қатты айдау, қарсы жолаққа шығып кету, қызыл түске өту, жаяу жүргіншілерді жібермеу – мұның барлығы жүргізушінің жеке-мінез құлқына және сол уақыттағы жағдайға сай болатын әрекеттер. Онымен мемлекет көп ретте айыппұл салу, оның бағасын қымбаттату жолымен күреседі. Бірақ менің ойымша, түсіндіру-насихат жұмыстарын да көбейткен дұрыс сияқты. Өйткені адамның санасына сіңірмесе, жауапкершілігі артпаса жол қозғалысы ережесін бұзу қай заманда да болған, бола береді, – дейді елордалық көлік жүргізушісі Мәмбетқұл Байшахан.

Оның айтуынша, әр өңірдің көлік жүргізушілерінің мінез-құлқы әртүрлі. Мәселен, Астанада жүргізушілер өте көп сигнал береді. Адамдары шыдамсыз. Орталық көшелер қатты шулы. Ал Алматыда олай емес, жүргізушілер қанша кептелісте тұрса да олай мазасызданбайды. Басқа өңірлерде де әртүрлі жағдай байқалады. Ол мұны қалыптасқан менталитетпен байланыстырады.

– Астанада көбіне жылдамдық арттыру, белгіленбеген жерге көлік қою, өзінің келе жатқан жолынан басқа жолға өңмеңдеп килігіп кіру, бағдаршамның белгі беруін елемеу сияқты заң бұзушылықтар орын алады. Мұндай ереже бұзу жайттары жолда кептеліс тудырып, апат болуына алып келеді. Менің ойымша, елордада бақылауды әлде де күшейтіп, көлік жүргізу мәдениетін арттыру керек. Өз басым ереже сақтауға тырысамын, себебі бұл тек менің ғана емес, айналамдағы адамдардың да қауіпсіздігі үшін маңызды екенін түсінемін, – дейді тағы бір елордалық көлік жүргізушісі Руслан Бауыржанұлы.

АСТАНАДА КӨБІНЕ ЖЫЛДАМДЫҚ АРТТЫРУ, БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ЖЕРГЕ КӨЛІК ҚОЮ, ӨЗІНІҢ КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖОЛЫНАН БАСҚА ЖОЛҒА ӨҢМЕҢДЕП КИЛІГІП КІРУ, БАҒДАРШАМНЫҢ БЕЛГІ БЕРУІН ЕЛЕМЕУ СИЯҚТЫ ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ОРЫН АЛАДЫ. МҰНДАЙ ЕРЕЖЕ БҰЗУ ЖАЙТТАРЫ ЖОЛДА КЕПТЕЛІС ТУДЫРЫП, АПАТ БОЛУЫНА АЛЫП КЕЛЕДІ

Астана қаласы ПД Әкімшілік полиция басқармасының инспекторы, полиция аға лейтенанты Наргиз Тәуірбайдың айтуынша, биыл жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілері 2024 жылға қарағанда әлдеқайда төмендеді, яғни автоматтандырылған бақылаудың болуы, айыппұл салынуы және қоғамдық бақылау жауапкершілікті арттыруға ықпал еткен. 2025 жылдың басынан бері қалада 20 468 жол-көлік оқиғасы тіркелді (2024 ж. – 23 016). Есепке алынған жол-көлік оқиғалары – 1 437 (2024 ж. – 1 220). Жарақат алғандар – 1 812 адам (2024 ж. – 1 355). Қаза тапқандар – 27 адам (2024 ж. – 28).

– Жүргізушілердің арасында жауапкершіліктің жалпы деңгейі жоғары десек те болады. Дегенмен жол жүру статистикасына сәйкес жылдамдықты асыру, қауіпсіздік белдігін тақпау, телефонға қарау – жиі кездесетін бұзушылықтар. Жол-көлік апаттарының көпшілігі жылдамдықты шамадан тыс арттырудан болады. Екіншіден, көлік құралдарының қозғалыс бағыты мен маневр ережелерін бұзу, яғни қарсы бағытқа шығу, бұрылыс кезінде басымдықты бермеу, қиылыстағы тәртіп бұзушылықтар. Үшіншіден, жаяу жүргіншілердің және жол қозғалысына өзге де қатысушылардың жол жүру қағидаларын бұзуы. Көбіне осы себептер апаттарға әкеледі, – дейді Наргиз Тәуірбай.

Астанада бір жыл ішінде 400 мыңнан астам көлік құралы қозғалса, өзге қалалардан 100 мыңнан астам көліктер кіріп шығады. Қазіргі таңда жол жүру ережелерін жиі бұзатындар – орта жастағы, яғни 20-45 жастағы көлік жүргізушілері екен.

– Солардың ішінде мас күйінде көлік басқарған жүргізушілерді анықтау үшін «Қауіпсіз жол», «Түнгі рейд» рейдтері мен «Құқықтық тәртіп» профилактикалық іс-шаралары өткізіледі, тексерістер түнде де, мейрам күндері де жүргізіледі. Камералар немесе бейнебақылау жүйелеріне жүргізушінің мас күйде жүргізіп келе жатқаны жолдан тайып кетуі арқылы жазылып қалады. Күдікті мінез-құлық жүргізу стиліне қарай анықталады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексінің 608-бабында мас күйінде көлік басқару фактісі үшін жауапкершілік қарастырылған және жүргізуші куәлігінен айыру, айыппұл салу тәртібі бекітілген, – дейді полиция өкілі.

Елорданың Полиция департаменті көлік жүргізушілерін заңды қатаң сақтауға шақырады. Мас күйінде көлік жүргізу – жүргізушінің ғана емес, айналасындағы адамдардың да өміріне үлкен қауіп төндіреді. Полиция өкілінің айтуынша, көлік жүргізушілерінің жауапкершілігін көтеру үшін жол жүру ережелері мен қағидаларын қатаң сақтау қажет. Мектептерде, ЖОО-да, мекемелерде жол қозғалысы ережелері мен қауіпсіздікке байланысты дәрістер өткізу керек. Сонымен қатар профилактикалық рейдтер жүргізілуі тиіс.


2025 ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ

20 468 ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ ТІРКЕЛДІ

1 437 ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ ЕСЕПКЕ АЛЫНДЫ

1 812 АДАМ ЖАРАҚАТ АЛДЫ

27 АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ



Жұмыр басты пенденің мақсаттарына жетіп, ұзақ өмір сүруді армандамайтыны жоқ шығар. Тыл еңбегінің ардагері, астаналық көпбалалы ана Саржан Әбдірахманқызы – осындай мұратына жеткен жандардың қатарынан. Жиырмасыншы ғасырдың басында дүниеге келіп, жаңа дәуірді де көзімен көрген кейуана күні кеше 100 жасқа толды.

ҚОС ҒАСЫРДЫҢ КУӘСІ

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Әдетте бұл – екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтін бақ. Жаратқанның жарылқағаны ғой. Талай кезеңді бастан кешірді, ұлт тарихындағы қаншама оқиғаға куә болды. Балалық шағы төңкеріс пен ұжымдастыру кезеңіне, тәркілеу науқаны, ашаршылық әрі соғыспен тұспа-тұс келіп, жақсылық пен жамандықты, бейнет пен зейнетті, қиындық пен қуанышты қатар көрді.



Ата-анасының азан шақырып қойған аты – Сарбалдақ. Өздері еркелетіп Саржан деп атап кеткен. Отбасындағы екі баланың үлкені Ақбалдақтан кейін 1925 жылы Ақмола облысының сол кездегі Сталин, қазіргі Ақкөл ауданы Ақсу кенішінде дүниеге келді. Орта мектепті бітірген соң Куприянов атындағы артельде сұрыптаушы болып еңбекке ерте араласты. Аяғынан тік тұрып күніне 14-16 сағат жұмыс істегені, резеңке етіктің табанынан өткен сыз тас төбеден бір-ақ шығатыны, елдегі зобалаң мен аштық, бәрі-бәрі есінде.

Ғазиз Бейбітов екеуі бір мектепте оқыды. Соғыстан аман-есен оралған соң бір жылдан кейін сөз байласып, отау құрды. Сол күннен бастап Саржан Әбдірахманқызы отағасының көмекшісі, ақылшысы бола білді. Әділдікті жаны сүйетін, адалдықты ту еткен азаматтың ел алдындағы абырой-беделі де зор болды. Алматыдағы партия мектебін бітіріп, Бестөбе кенішінде он жылдан астам партия ұйымының хатшысы қызметін атқарса, бәйбішесі тікелей үй шаруашылығымен, бала тәрбиесімен айналысты. Қызмет бабымен әр жылдары Ақсу, Жолымбет кеніштеріне қоныс аударып, балалар сол жерлерде оқып, орта білім алды.

Соғыс ардагерінің қазасы балалардың қабырғасын қайыстырды, әжейге де оңай болған жоқ. Басына түскен ауыртпалықты қайыспай көтеріп, балапандарын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, қатарынан кем қылмай өсіріп-жеткізу үшін ер-азаматтарша белді бекем буып, үйдегі, түздегі жұмыстардың барлығын бір өзі атқарды.

– Ол кезде елдімекендерде қонақ үй деген жоқ, келген қонақтар біздікіне қона жатып аттанушы еді. Сонда анамыз қонақтардың қас-қабағына қарап, қабақ шытқанын көрмеппіз. Әжеміз, анамыздың енесі Қалима, өз шешесі Ғалымжанды құрметтеп күтті, қайын сіңлі, күйеу балаларын да ерекше қадірледі. Көрші-қолаңмен тату, қолы ашық, ісмер болатын. Барқыттан вельвет тігіп беретін. Анамыздың жүзге жетуінің құпиясы көп еңбектенуінде, кеңпейілдігі мен ақжарқын мінезінің арқасы деп ойлаймын. Біз ол кісіні мақтан тұтамыз, қадір-қасиеті немерелеріне дарыса екен, – деді кенже қызы Раушан.

Өз ұмырында әжей он бір құрсақ көтеріпті. Төртеуі жастай шетінеп, қалғанын қаймағы бұзылмаған қазақы тәрбиемен өсіріп жеткізді. Бүгінде әрқайсысы үйлі-баранды, жоғары білімді, әр салада абыройлы еңбек етіп, өмірден өз орындарын тапқан құрметті зейнеткерлер. Гүлжаны ұзақ жыл Астанадағы №6 емхананың бас дәрігері, кейін қалалық мәслихаттың депутаты болды. Жанаты инженер-энергетик, елордадағы іргелі кәсіпорындардың бірі – Ақмола электр желілерін тарату компаниясында жауапты қызмет атқарды. ТМД-ның, Қазақстанның құрметті энергетигі, Қазақстан Республикасының құрметті азаматы. Райханы – Теңіз ауданында біраз жыл білім саласында, Раушаны – Жолымбет кенті әкімінің орынбасары, кейін «Каззолото» комбинатының кәсіподақ кеңесінде еңбек етті, екеуі де педагог. Серігі – инженер, Берігі – кеден саласында, Еркіні жеке кәсіппен айналысып жүр. Осы ұл-қыздарынан 11 немере, 25 шөбере көріп, ортасында тамырын тереңге тартқан бәйтеректей сая болып отырған әжей елінің амандығын тіледі.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ҚҰЛАЗУ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ КІЛТІ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағы елорда филиалының «Қаламгер ұстаханасы» жобасының кезекті қонағы көрнекті жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Асқар Алтай болды. Ол «Құлазу – жан-дүние мен шығармашылықтың кілті» тақырыбында дәріс оқыды.



ПОЭЗИЯДАН – ПРОЗАҒА

Құлазу мен сағынышсыз кез келген көркем шығарма тумайды. Бұл – әр адамға, әсіресе шығармашылық адамдарына тән сезімдер. Оның арғы жағында жалғыздық жатыр. Қаламгер дәрісін осы ойымен бастады.

«Адамдардың арасында қаншалықты жүрсең де, қоғамның, әлемнің ортасына кірсең де, жалғыздықты сезінесің. Өнер адамы жалғыздықпен бетпе-бет қалғанда жазғаны-сызғаны дүниеге келеді. Менің шығармаларым осылай жазылды» деген жазушы өзінің жазуға қалай келгені жөнінде сыр тарқатты.

Оның айтуынша, алтыншы сыныпта оқып жүргенінде сыныптас қыздарға өлең арнай бастады. Бұған бозбалалық кезең, шуағын шашқан көктем әсерін тигізді. Көп қаламгердің шығармашылығы өлеңнен басталғандай, әдебиет әлемінің есігін солай қақты. Кейіннен әңгімелер жаза бастады. Алғашқы әңгімесі «Қызбейіт» аталады. Оны жазушы 15 жасында жазды. Есейген шағында үстінен қарап, жетілдіріп, қайтадан жазып шықты. Бірақ шамалы ғана өзгерістерді енгізді. Соңынан «Құла құнан» әңгімесі дүниеге келді. Осы екі шығармадан соң 1979 жылы құрбы-құрдастары туралы «Біз әлі кездесеміз» атты романын бастады. Бірақ аяқтамастан жоғалтып алып, қайта қолға алмады.

ҮШ ЖОҒАЛТУЫ

Жалпы жазушы өмірінде 3 шығармасын жоғалтқан екен. Бұл – жоғарыда аты аталған «Біз әлі кездесеміз» романы, махаббаттан туған, Бауыржан Омар, Қыдырбек Рысбек, Қайрат Әлімбек сынды достары дәнекер болып, «Жас Алаш» газетіне жариялануға беріліп, шықпай қалған «Көз» әңгімесі және қолжазбасының 60-65 пайызы жоқ болып кеткен «Алтайдың алқызыл модағайы» атты романы. Бұл романды жазушы әкесі түсіне кіргеннен кейін қайтадан өзінің «Альпинист» әңгімесінің, «Қызыл бөлтірік» повесінің жазылу тарихын тарқатты. Шығармаларының біразы балалық шақтың әсерімен жазылғанын жеткізді.

«Жалпы балалық шақта алған әсер жазушы үшін оның мәңгілік сусындайтын суаты» деді қаламгер.

ТАРАЗИ ТАҒЫЛЫМЫ

Жазушының пікірінше, қаламгерге әңгіме жазуға бір детальдер жеткілікті болса, роман жазуға оны ішкі болмысы итермелейді.

«Қаламгердің болмысы, ішкі рухы қаншалықты бекем, қаншалықты толық, қаншалықты жан-жақты, қаныққан болса, соншалықты роман төрт аяғын тең басып дүниеге келеді. Мысалы, «Алтай балладасын» (Алтайдың алқызыл модағайы) 30 жасымда жаздым. Сонда менің ішкі рухым, балалық шағымнан келе жатқан болмысым бар деуге болады. Жалпы адам шығармашылыққа келемін деп келмейді. Мен, мысалы, геолог болуды армандадым. Әкем геологтарды «жер тінтушілер» деп атайтын. Бірақ бәлкім, Алтайдың табиғаты, ерекше болмысы жан дүниеме әсер етіп, жазушылыққа алып келген шығар» деді Асқар Алтай.

Өзінің қаламгерлік мектебі туралы айтқанда, қазақ әдебиетінің классигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Әкім Тарази есімін ерекше атап өтті.

«Қаржы-қаражат» журналында Әкім ағаның орынбасары болдым. Бұл кісі шын мәнінде мені тәрбиелеген аса зиялы адамдардың бірі еді. Онымен қызметтес болғаныма өз басым қуанамын. Ағадан көп нәрсені, соның ішінде сабырлығын үйрендім» деді Асқар Алтай.

РОМАН ЖАЗУДЫҢ ХИКМЕТІ

Роман жазудың ерекшелігіне тоқталған қаламгер Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романын мысалға келтірді. Өзінің бір романына қабырғалы қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қалихан Ысқақтың риза болғанын жеткізді.

«Роман жазудың хикметі ерекше. Роман дегеніміз, негізі полифонизм дейді ғой... Баяғыда Мұхтар Мағауинмен бірге қызмет істедім. «Аласапыранды» қазақ тарихи романдарының ішінде ұлы роман деп есептеймін. Онда оқиға қат-қабат болып өріліп отырады. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында да шатаспасам, «Қат-қабат» атты тарау бар. Сол сияқты романда осындай көрінбейтін қабаттар болады. Менің алғашқы романымнан гөрі «Былғары табыт» романымда осындай дүниелерді қолдануға тырыстым. Роман жазуға келгенде қалай болғанда да тәжірибе бірінші орынға шығады. Адам жастай роман жазуы мүмкін, бірақ тәжірибе жетіспегендіктен олпы-солпы жерлері, әлсіз жақтары көп болуы ықтимал. Сондықтан жазушы әңгімеден, повесьтен түсіп барып романға келеді» деген жазушы әлемдік тәжірибені келтірді. Соның ішінде Ги де Мопассан есімін атап өтті. Михаил Шолохов жастай «Тынық Дон» романын жазғанымен, соған үлкен дайындықпен келгенін, бірақ одан кейін осы деңгейде шығарма жаза алмағанын тілге тиек етті.

> Кейбір дүниені жазушы жазайын деп жазбайды. Кейіпкер болмысы, автор болмысы деген екі бөлек дүние болады. Кейде екеуі бір ғарыштық байланыста түйіссе керек. Қолына қалам алған адам жазам деген дүниесін бүге-шігесіне дейін өзінің жандүниесінен, сана сүзгісінен, жүрегінен өткізуі керек

«Шолоховтың алдында орыс әдебиетіндегі Толстойдай үлкен мектеп тұрды. Біздің қазіргі жазушылардың алдында да үлкен мектеп бар. Университеттерде қазақ әдебиетіне келгенде білім үстірт беріледі. Оның ішкі лабораториясына кіре алмайды. Өзім Горький атындағы әдебиет институтында оқымадым, бірақ естігенім, сондағы профессорлар дәріспен ғана шектелмей, жазушы лабораториясына үңіледі» деді Асқар Алтай.

ТАПСЫРЫСПЕН ЖАЗЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ ТУЫНДЫ

Оқырманның көңілінен шығатын шығарманы қалай жазу керек?

«Кейбір дүниені жазушы жазайын деп жазбайды. Кейіпкер болмысы, автор болмысы деген екі бөлек дүние болады. Кейде екеуі бір ғарыштық байланыста түйіссе керек. Қолына қалам алған адам жазам деген дүниесін бүге-шігесіне дейін өзінің жандүниесінен, сана сүзгісінен, жүрегінен өткізуі керек. Сонда шығарма табиғи, ешқандай күмәнсіз шығады. Мысалы, өзім жүрегімнен өтпеген дүниеге қалам сілтеп әуре болмаймын. Ондайға баспаймын. Өмірімде бірақ рет тапсырыспен әңгіме жаздым. Бұл – «Түсік» деген әңгіме. Мұны жұрт көп талдап жүр. Әсіресе, жастарға ұнады. Кейбір үлкен ағаларымызға ұнамай да қалды. Нұртөре Жүсіп «Жас Алашқа» бас редактор болғанда осы шығармаға тапсырыс беріп, жазылды. Қалихан Ысқақ, Жанат Ахмади дейтін ағаларыма да берілген екен. Үшеуі газетте қатар жарияланды. Кейін сол әңгімені газеттегі нұсқасынан сәл өңдеуге, тереңдеуге тура келді» деді жазушы.

ОҚЫРМАН ОРАЛХАНДЫ УАҚЫТЫНДА МОЙЫНДАДЫ

Дәрістің сұрақ-жауап кезеңінде жас ақын Ауғанбай Санақұлы көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Оралхан Бөкей туралы сұрады.

«Орағаңды ойлаған кезде, жүрегім ауырады. Қазақтың ұлы суреткері еді. Өзінің қатарындағы кейбір азаматтар оны, тіпті жазушы деп есептеген жоқ. Сондай адамдармен қатты сөзге барысып қалған кездерім болды. Кей талант уақытында мойындалмай да жатады. Уақытында оқырман ерекше мойындаған адам – Оралхан ағамыз. Әлі күнге дейін қолына қалам алған, жазушы болғысы келетін адам Оралханды айналып өте алмайды. Біздің қазақ қаламгерлері бұрыннан екі адамды айналып өте алмаған. Біріншісі – Әуезов. Жас прозаиктер Оралханды айналып өте алмайды. Бұл – ақиқат шындық. Орағаңмен қатты араласқан екі адам болды. Оның алғашқысы – марқұм Талаптан Ахметжан, екіншісі – Жүсіпбек Қорғасбек. Екеуі де – Орағаңның прозасына бас иген және оған жарым-жартылай еліктеген азаматтар. Өз басым Оралханға еліктеген жоқпын. Оралхандағы мұң, қасірет, романтизм менің шығармаларымда жоқ» деген Асқар Алтай ешқандай жазушыға еліктемеу керектігін айтты.

Өзінің шығармашылық лабораториясына келгенде, бұрын түнде жазса, қазір денсаулығына байланысты күндіз ғана жазатынын, шығарманы миында әбден пісіріп барып, үстелге отыратынын, аз уақытта жазып шығатынын, көп жөндемейтінін жеткізді. Елорда мектептерінің бірінде Асқар Алтайдың «Киллер сауысқан» әңгімесі бойынша ғылыми жұмыс қолға алынды. Дәріс соңында мұнымен айналысып жатқан оқушы мен ұстазы қаламгерге ықылас танытты.





АЛЫП КҮШ ИЕЛЕРІ ДӘРІПТЕЛДІ

Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Baluan tas» ұлттық спорт түрлері және мәдениеті академиясының ұйымдастыруымен «Күш лекциясы» атты ерекше іс-шара өтті.

Жиынға университет басшылығы, ғалым-оқытушылар мен студенттер, зиялы қауым өкілдері, спорт қайраткерлері қатысты. Құрметті қонақтардың қатарында Гиннес рекордтар кітабының рекорд иегері, қоғам қайраткері, «Тас палуан» атымен танымал Арман Сүлеймен, сондай-ақ Иманжүсіп Құтпанұлы, Балуан Шолақ, Қажымұқан Мұңайтпасұлының ұрпақтары болды.

Күш мәдениетін зерттеуші белгілі ғалым Абылайхан Қалназаровтың авторлық бұл жобасы – қазақ халқының күш пен қайсарлыққа негізделген мәдени мұрасын қазіргі заманға жеткізуді мақсат еткен бірегей бастама. «Күш лекциясының» өзегі – ел тарихындағы әйгілі алыптарымыз, бahадүр-балуандарымыз, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сынды даңқты тұлғалардың өмір жолы мен игі мұрасын дәріптеу. Олардың жеңімпаз рухы мен ерлік өнегесін бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, рухани сабақтастықты жалғау.

Іс-шараны ұйымдастырушы әрі модератор, ғалым Абылайхан Қалназаров бұл кездесудің ерекшелігіне тоқталды:

«Талай дәрістер өткізіп жүрміз. Бірақ бұл жолғы «Күш лекциясының» артықшылығы – Иманжүсіп, Балуан Шолақ, Қажымұқан сынды ұлы бабалардың ұрпақтарының араға ғасыр салып, алғаш рет бір жерде, бір мезгілде бас қосуында. Ұлы bahадүрлер кезінде жұбын жазбай бірге жүрсе, бүгін олардың ұрпақтары жарасымды сұхбат құруда. Бұл – қahармандар шынжырының үзілмегенінің айқын дәлелі» деді ол.

Сондай-ақ ол Ұлы даланың күштік тарихы мен балуан тастар туралы ғылыми слайд-презентация ұсынып, тың деректермен бөлісті. Жиын барысында Балуан Шолақ, Қажымұқан, Иманжүсіп ұрпақтары да өздерінің ата-бабалары жайлы естеліктер айтып, қатысушылармен ой бөлісті.

Көрермендер назарына қазаққа тән дәстүрлі күштік ойындар жөніндегі арнайы бейнеролик ұсынылды. Бұдан кейін Арман Сүлеймен шеге ию, таға майыстыру, лом бұрау сияқты өнерлерін көрсетіп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Әдеттегідей ол жүрек пішініне келтірген темірлерін көрермендерге сыйға тартты.

Іс-шара соңында Л.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры Думан Рамазанұлы сөз сөйлеп, қатысушыларға алғыс білдірді және қонақтарға бағалы сыйлықтар тапсырды.

№114 (4858) 27/09/2025 Сенбі

ОҒЫЗ ДАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ІЗДЕРІ ҚАНДАЙ?

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Оғыз далалық мәдениетінің іздері» атты халықаралық көрмесі ашылып, осы атаумен ғылыми семинар өтті.

Ғылыми семинарға тарихшылар, археологтар, этнологтар, мәдениеттанушылар, шығыстанушылар, музей және мұрағат мамандары, сондай-ақ академиялық және ғылыми-білім беру қауымдастығының өкілдері қатысты.



Қазақ, орыс және түрік тілдерінде өткен Семинар барысында Қазақстан аумағындағы оғыз мәдениетінің іздерін ғылыми тұрғыда зерделеу, түркі халықтарының тарихи сабақтастығын айқындау, оғыз мұрасын сақтау мен насихаттаудың өзекті мәселелері талқыланды. Сондай-ақ Сыр бойындағы оғыз қалалары, Жанкент қаласының соңғы қазбалары, Қызылорда облысындағы музейлердің экспозициялық шешімдері және оғыз дәуірінің мәдени мұрасына қатысты өзекті тақырыптар қозғалды. Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, PhD Айсұлу Искандерова «Сыр бойындағы оғыз қалалары (жаңа зерттеулер бойынша)» баяндаса, Түркі академиясының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Асхат Сайлау «Жанкент: 2023-2025 жж. қазба және ашылу шежіресі» атты ғылыми зерттеулерімен бөлісті. Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының магистрі, ҚР Мәдениет саласының үздігі баяндамасында «Қызылорда облысының аудандық музейлеріндегі археологиялық бағыттағы экспозициялық шешімдер» тақырыбын көтерді.



Семинардан кейін көрермендер назарына көрме ұсынылды. Экспозицияда Қазақстан музейлерінің қорларынан әкелінген 300-ге жуық түпнұсқа жәдігер мен макет қойылды. Олардың қатарында археологиялық артефактілер, этнографиялық деректер, нумизматикалық олжалар, зергерлік әшекейлер, тұрмыстық заттар және діни-ғұрыптық нышандар бар. Көрмеде VIII-XI ғасырлардағы оғыз тайпаларының мәдениеті, тұрмыс салты, саяси және рухани мұрасы жан-жақты таныстырылды.

Сондай-ақ, Астана қаласы «Бірлескен музейлер дирекциясына қарасты Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды музей кешені «Түрксой музейлер одағының» мүшесі атанды.

Елордада Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы қазақ оркестрі қобыз тобының концертмейстері, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты, композитор, музыка зерттеушісі Жанар Жүсіпованың «Арқауы – өнер, өрнегі – күй» атты жеке концерті өтті.

АРҚАУЫ – ӨНЕР, ӨРНЕГІ – КҮЙ

Кеш иесі Ахмет Жұбанов атындағы республикалық музыкалық мектепте Әбдіманап Жұмабековтен қылқобыз шалудың қыр-сырын меңгеріп, Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік консерваториясын аяқтады. Құрманғазы атындағы академиялық қазақ ұлт аспаптар оркестрінде, Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармониясындағы «Адырна» фольклорлық-этнографиялық ансамбльде жеке орындаушы және оркестр әртісі болып еңбек етті. Елорда төрінде қазақ ұлттық аспаптар оркестрі құрылғанда, соның негізін қалаушылардың біріне айналды. Күні бүгінге дейін жеке орындаушы және қылқобыз тобының концертмейстері болып осы ұжымда жұмыс істеп келе жатыр.



Әйгілі әнші, өнертану профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенжеғали Мыржықбай – елорда филармониясының тұңғыш директоры. Құрамына Жанар Жүсіпова қабылданып, 60 адамнан жасақталған ұлт аспаптар оркестрін құрумен тікелей айналасқан Кенжеғали Тұрсынбекұлы кеш барысында өнер ұжымының тарихын еске алып, жылы лебізін жеткізді.

Қобыздың көне сарынынан сыр тартатын «Қоңыр» күйімен басталған концерт Ықылас Дүкенұлының «Жезкиік» күйімен жалғасты. Ал кеш бағдарламасы, негізінен, Жанар Жүсіпованың өзінің шығармаларынан тұрды. Атап айтқанда, оның қобыз атасы Қорқытпен байланысы бар аңыздан туындаған «Қырық қыз», «Сағым», «Тұран» сынды күйлері ұсынылды. Ұлтымыздың ұлы мұрасына айналған туындылар да өзгеше өңдеуде әуеледі. Ақан серінің «Маңмаңгерін» қазақ оркестрінің қобызшылар тобы орындады. Жас композитор, дирижер Әбілқайыр Сағымбаевтың «Дайдидау» халық әніне фантазиясы ерекше шықты. Сонымен қатар бүгінде аттарына жұрт қанық композиторлар Арман Жайым мен Әліби Әбдінұровтың туындылары, моңғол композиторы Өлзийбаярдың шығармасы ойналды.

Кеште Жанар Жүсіпова және Ғ.Жұбанова атындағы ішекті аспаптар оркестрі, астаналық филармонияның симфониялық оркестрі өнер көрсетті.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

КЕЗЕКТІ КІТАП МЕРЕКЕСІ...

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Ұлттық академиялық кітапханада дәстүрлі «KitapTime – 2025» IV жалпы республикалық кітап фестивалі өтті.

Фестивальге ғылым мен мәдениет қайраткерлері, шетел елшіліктерінің өкілдері, баспагерлер, қолөнер шеберлері, иллюстраторлар, кітапханашылар мен оқырмандар қатысты.

«Дәл қазір бүкіл көпшілік кітапханада осы «KitapTime» мерекесі өтіп жатыр, бұл шара кітапханаға оқырман тартуға, кітап насихатына арналған. Өздеріңіз білесіздер, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың отырыстарында елдің ертеңі мен келешегі үшін кітап оқу мен кітап басып шығару ісінің маңызына тоқталып, кітап оқитын ел ғана зиялы ұлтқа айналатынын баса айтқан болатын. Кітап оқуды кеңінен насихаттау, рухани, интеллектуалдық даму жолында жастарды ынталандыру және мәдени құндылықтарымызды халыққа жеткізу мақсатында осы іс-шараны ұйымдастыруға атсалысқан Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрына, шеберлерге, елшіліктерге, өнерпаздарға алғыс білдіремін» деді ашылу салтанатында сөз сөйлеген ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының директоры Күміс Қарсақбайқызы.



Фестивальдің басты көрініс-терінің бірі – кітап тиеген керуен бейнесіндегі инсталляция болды. Сонымен қатар, отандық және шетелдік баспалар мен кітап дүкендері өз туындыларын ұсынды. Олардың қатарында: «Арман-ПВ», «Қасым», «Мұқаба», «Мазмұндама», «Qyr balasy», «Qazbilim» баспалары, сондай-ақ «Алматы кітап», «Kitapal», «Абай үйі» кітап дүкендері бар. Елшіліктердің «Ұлттық атрибуттар» кітап-иллюстрациялық көрмесінде Татарстан мен Ресейдің басылымдары ұсынылды.



Фестиваль аясында: «Абай ауылы» этнолокациясы мен көрмесі, «Ауылға кітап» сыйлау акциясы, Елшіліктердің «Ұлттық атрибуттар» кітап-иллюстрациялық көрмесі, Шеберлік сағаттары, «Bookcrossing», «Библиоринг» әдеби ойыны, «Picnic time» фотоаймағы сияқты түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Ал Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры М.Әуезовтің «Абай-Тоғжан» музыкалық драмасынан үзінді қойып, Абай әндері орындалды. «Шаңырақ» әжелер ансамблі де көпшілікке әннен шашу шашты.

Сондай-ақ іс-шараның «Велошеру» бөлімінде АҚШ-та 21 күн велосаяхат жасаған журналист, велошабандоз Ернат Рахметолла өзінің Абай мұрасын шетелде насихаттау, сондай-ақ салауатты өмір салты мен жеке жетістікке жету жолдарын баяндады.

Ал рухани іс-шараның «Қазақтың Табылдысы» сырлы саз сағаты ақын Табылды Досымовқа арналды.

Фестиваль – «Күзгі жыр» поэзиялық battle және автограф-патимен қорытындыланды. Онда Батырхан Сәрсенхан, Қабиден Қуанышбай, Айдана Сегізбай, Дәулет Жадырасын, Шапағат Әбдір, Ділда Уәлибек, Абзал Мақаш, Мәрлен Ғилымхан, Назерке Семей сынды ақындар қатысып, өлең оқып, көрермен ықыласына бөленді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 114
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ